

2023-2024 оқу жылындағы жасалынған жұмыс бойынша мектеп
психологінен жылдық есеп

Баршақұм орта мектебінде жыл бойы оқушылармен ата-аналармен жұмыстар жүргізіліп, отырылды. Жоспар бойынша жылдың басында оқушылар туралы мәлімет жинақталып, сыныптың әлеуметтік картасы жасақталып, мектеп оқушыларының ата-аналарынан рұхсат алынды. Оқушыларға диагностикалық зерттеулер жүргізіліп, оның қорытындысы шығарылып, таныстырылды. Оқушылардан «Керн-Иерасек» әдістемесі алынды. Мақсаты: мида нәзік қимыл әрекеттерінің қалыптасқанын және үйлесімділігін анықтау. Әдістеме қорытындысы жақсы көрсеткіш көрсетті. 5 сынып оқушыларының жаңа буынға бейімделулерін қалыптастыру деңгейлерін анықтауға «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: сыныпқа бейімделулерін анықтау. Әдістеме нәтижесінде оқушылардың мұғаліммен, сыныптастарымен қарым-қатынасы жақсы екендігі анықталды. «Социометрия» әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: сынып ішіндегі әлеуметтік ахуалды анықтау. Сондай-ақ лидерлікке бейімділік қабілеттерін топтағы жағымды және жағымсыз оқшауланған оқушыларды анықтау. Сынып ішіндегі белсенді оқушылар анықталып, төмен пайыз алған оқушыларға көп көңіл бөлуге сыныптастарымен жақсы қарым-қатынаста болуға сынып жетекшісіне ескертілді. «Басса - Дарки» сауалнамасы алынды. Мақсаты: оқушыларға агрессия деңгейін анықтау. Нәтижесінде депрессия деңгейлері анықталмады. Бастауыш сынып оқушыларының таным процестерін анықтау барысында диагностика алынып, пайыз көрсеткіштері сынып жетекшісіне таныстырылды. Жоғары сынып оқушыларына «Дін» және «Бала құқығы» туралы жүргізілді. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі бойынша сауалнама алынып, нәтижесі пайызы шығарылып, түсінік жұмысы жүргізілді. 1-11 сынып оқушыларына «Құпия дос» ойыны өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бір-бірімен қарым қатынасын нығайту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу және көңіл-күйлерін көтеру. Қызығушылығының болмауын анықтау диагностикасы алынып, қорытындысымен сынып жетекшілеріне таныстырылды. 5-6 сынып оқушыларына «Сиқырлы әлем» тақырыбында арттерапиялық жаттығулар өткізілді. Арттерапия жаттығулары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұқсас қол моторикасы дағдыларын жетілдіруге арналған әдіс. Әдістеме барысында оқушылар бойларындағы сезімдері мен идеяларын түзбен сурет салу арқылы көрсетіп, зейінін және визуальдық кеңістік дағдыларын дамытты. 5-11 сынып оқушыларына «Пикник» акциясы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың көңіл-күй көтеру, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Табиғат аясында серуендеу оқушылардың көңіл күйінің көтерілуіне өз әсерін тигізді. Сонымен

қатар спорттық ойындар,ваейбол ойнап бойлары сергіп,күнделікті уайымдарын ұмытып таза ауада ерекше қуат алды.11-сынып оқушыларына Ұлттық Бірыңғай Тест-білім сапасының негізі тақырыбында лекция тренинг өткізілді. Стреске қарсы жаттығулар,тесттер алынды.Жалпы оқушылардың дайындығы орташа деңгейді көрсетті.Кеңес беру бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар. Сұраныс бойынша оқушыларға ,мұғалімдерге және ата-аналарға кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп психологы:  Күлбарақова А.Е